


Бестамақ «»Болашақ» балалар бақшасы

Тексерілді   
Әдіскер Уразалина Г.Б

Бекітемін   
Менгеруші Курманова Л.Б

Тақырыбы:

# "Тәуелсіздік жетістіктері"

(танымдық оқу қызметі)

«Жұлдыз-ай кіші топ

Тәрбиеші: Сатаева А.Д

Қыркүйек 2021

**Тақырыбы: «Тәуелсіздік жетістіктері».**

**Мақсаты:** Балаларға 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына тәуелсіз елімізді сүйуге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету.

**Әдіс-тәсілдер:** көрнекілік, сөздік, сұрақ-жауап.

**Шаттық шеңбері:**

Жаңа қадам жасадым,

Қош болып тұр, бесігім.

Мен қуанып ашамын,

Балабақша есігін.



-Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі оқу іс-қызметіміз біздің білім күніне, бірінші қыркүйек күніне арналады. 1-ші қыркүйек күні барлық балабақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. 1-қыркүйек барша қалықтың дәстүрлі мерекесі! Бұл күн сендер үшін, яғни оқушылар үшін және біздер үшін, ұстаздар, тәрбиешілер үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады (тәрбиеші қоңырау соққан баланың суретін көрсетеді).

Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер.



-Айтыңдаршы, біз қай ауылда туып, өмір сүріп жатырмыз?

-Біз Бестамақ ауылында туып, өмір сүріп жатырмыз.

-Балалар, айтыңдаршы, біздің балабақшамыздың аты қалай?

«Болашақ» балалар бақшасы.

Ендеше білім күніне арналған өлең тақпақтарымызбен оқу іс-қызметімізді

жалғастырайық.

**Мирас:** Жымындап күз келді,

Күліңіз сіз де енді.

Бірінші қыркүйек

Қарсы алшы біздерді!

**Нариман:** Балабақша есігін

Үшке тола ашқанбыз.

Балапандай мәпелеп,

Өсіруде бақшамыз.



**Шаһар:** Бұл - екінші үйіміз,

Бір туғанбыз бәріміз.

Біз - осы үйдің гүліміз

Біз - осы үйдің сәніміз.

**Каусар:** Өсті міне бойымыз,

Өсті міне ойымыз.

Қуанышқа ортақпыз,

Құтты болсын мерекеміз.

**Сергіту сәті.**

Күндей болып күлеміз,

Гүлдей болып өсеміз.

Құстай болып ұшамыз,

Көбелектей конамыз.



-Енді балалар бәріміз бірге мақал-мәтелдерін айтып көрейік.

1. Білекті бірді жығар,

Білімді мыңды жығар.

2. Кітап- білім бұлағы,

Білім – өмір шырағы.

3. Ақыл азбайды,

Білім тозбайды.

**Дид/ойын: «Оқу құралдарын тап»**





-Міне, балалар, осы күннен бастап бізде күнделікті оқу іс-әрекеттеріміз, кызықты да көп нәрсеге үйренетін күндеріміз басталды. Әрқашан бүгінгідей жақсы көңілмен, барлығын үйренеміз. Бүгінгі оқу іс-әрекетіне жақсы қатысқандарың үшін көп рахмет. Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен ұдайы ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін! Бүгінгі күн Сіздер үшін үлкен үміттер күні болсын!